

ӨЗГЕ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖАПСАРБАЙ Айым Айтжанқызы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Филология және көптілді білім беру» институтының 2-курс магистранты
Алматы/Қазақстан
e-mail: aiym.zhapsarbai@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың авторы қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі оқушылардың этномәдени құзіреттілігін қалыптастыру жайын қозғайды. Мәдениет ұғымын сөз етіп, Конның мәдениетті типтендіруі жайлы талдайды. Этномәдениет ұғымының мағынасын ашып, баланың дамуы мен тәрбиесіндегі алатын орнын анықтайды. Этномәдениет – ол белгілі бір ұлттың өзіндік мәдениеті, дәстүрі, халықтық ерекшеліктері. Ол ұлттың тыныс-тіршілігін, абыройын, көтерілген биігін, қолындағы жетістігін, сана-сезімі мен қалыптасу тарихын білдіреді. Мақалада этномәдени білім берудің негізгі міндеттері мен оны оқытудың біраз тиімді жолдарын қарастырады. Құзыреттілік ұғымына жеке тоқталып, оқушылар арасындағы жоғарғы этномәдени құзіреттілікке ие болу жолын түсіндіреді. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептегі оқушылардың этномәдени құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін диагностикалаудағы критерийлер мен көрсеткіштерді ұсынады. Қазақ тілі сабағында этномәдени құзіреттілікті қалыптастыру жолын айтады. Қазақ халқының этномәдениетін өзге тілді аудиторияға түсіндіру барысында қиындықтар тумас үшін, қазақ халқының киелі «бесік» ұғымымен саластыра талдау жүргізеді. Бесікті мысалға ала отырып, оны орыс, неміс халықтарының ұғымымен салыстырады. Өзге тілді аудиторияға қазақ бесігінің мәнін толықтай ашып түсіндіру барысында түрлі салыстырулар келтіріп, оқушы бойына өз мәдениетін сақтай отыра, қазақ елінің мәдениетіне құрметпен қарауды үйретеді.

Кілт сөздер: этномәдениет, өзге тілді аудитория, құзыреттілік, бесік, ұлт.

Кіріспе. Ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән берген. Себебі, бала сол отбасының, халықтың болашағы деп есептеген. Сондықтан отбасында баланың көп болуын, олардың дұрыс тәрбие алып, саналы болып өсуін тілеген. Қазақтар қыз бала мен келін тәрбиесіне де аса мән беріп қараған. Жалпы қай қоғамда болмасын қыз баласының орны ерекше болып саналады. Себебі, олар өмір тіршілігінің себепкері. Қыз баланың тәрбиесіне байланысты дана Ризауддин: «Әйелдері тәрбиелі болса – халық тәрбиелі, әйелдері үнемшіл, пысық, жігерлі, талантты болса – халық бай, ал жалқау, олақ немесе ысырапшыл болса – халық кедей» (Абишева және Абуева, 2002, 46 б.) деген.

Отбасындағы бала тәрбиесінде әкелердің алатын орны ерекше. Әке – отбасының тірегі, асыраушысы, қамқоршысы. Қазақтарда әкенің сөзі заң. Ол

отбасының бастаушысы болып саналады. Кез-келген істі бастау алдында әкенің рұқсатын алып отыру әрбір қазақ отбасының әдетті іспеттес болып кеткен.

Қазақ этномәдениетіне сәйкес:

– қонақ болып барғанда қызды төрге отырғызады. Төрде отырған қыздың бақытының жұғыны сол төрде қалады деп есептеген.

– қыдырып келген жас баланы үйден құры қол шығармайды. Сәбидің көңілі қалмасын деп жасалатын ырым.

– үйде отырған адамдарды саусақпен санамайды. Себебі, қазақта малды ғана саусақпен санап түгендейді.

– дастархан оң бетімен жайылады. «Дастархан оң болмай, ісінде жол болмайды» деп ырымдайды.

– кетік, жырыс ыдыспен қонаққа ас бермейді (Аманова, 2012, 12 б.).

Қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесі талай халықты тәтті еткен. Көптеген зерттушілер мен ғалымдар қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдеби жайлы таңдана жазған. Оған А.И.Лившинның «Қайырымдылық, адамды аяу, ақсақалдарға, қарттарға құрмет көрсету олардың ең жақсы қасиеті» (Аманова, 2012, 103 б.) - деген сөздері дәлел бола алады.

Мәдениет – әр халықтың өз жерінде қалыптасып, бірнеше жылдар бойы жиналады, өмірден алынған тәжірибелерден құралады. Мәдениет халықпен бірге өмір сүреді. Әлем халықтарының мәдени айырмашылықтарын сипаттағанда И.С.Кон екі түрлі мәдениет типтерін айтады. Оның біріншісі, азиаттық халықтарға тән – ұжымдық типтегі мәдениет болса, екіншісі, басты халықтарына тән жекедаралық мәдениет. Бұның алғашқысы туыс-туғандармен қарым-қатынас жасауға, дос-жарандарының ортасында өмір сүруге бейім тұратын болса, соңғысы барлығынан алыс, тек отбасы мүшелерімен ғана қарым-қатынас жасайтын адамдар тобы (Әлжанов, 2007, 28 б.). Сонымен қатар, этномәдениет ұғымы да бар. Этномәдениет – ол белгілі бір ұлттың өзіндік мәдениеті, дәстүрі, халықтық ерекшеліктері. Ол ұлттың тыныс-тіршілігін, абыройын, көтерілген биігін, қолындағы жетістігін, сана-сезімі мен қалыптасу тарихын білдіреді. Ал бүгінгі таңда этномәдениетті әлемдік мәдени-рухани процестермен бірге қарастырамыз. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі жастардың арасында этномәдениеттің тығырыққа тіреліп бара жатқанын байқауға болады. Себебі, адам баласы айналасын былай қойғанда, өзінің болмысын, өзінің тарихын жатырқап, жалған құндылықтарға көбірек бой алдыруда. Бұлай жалғаса беретін болса ұлтымыздың әлеуметтік экономикалық дамуы құлдырап кетуі ықтимал, Осы себептен де, оқушылардың бойына мектеп жасынан ақ этномәдениеттік құзыреттілікті қалыптасырып, оларға өз мәдениетін сүйуге, басқа елдердің мәдениетін құрметтеуге баулу керек.

Баланың дамуы мен тәрбиесінде этнопедагогиканың орны ерекше. Этномәдениет рухты қайта жаңғыртуға септігін тигізеді. Ол халық даналықтары мен мұрасын ұрпақтарға жеткізуші алып күш. Әрбір адам тарихты, мұрағатты жақсы біліп, құрметтеуі тиіс. Оқушы бойына этномәдени құзыреттілікті қалыптастырудағы басты мақсат – жалпы адамзаттың мәдени мұрасын әрбір

ұлттың тарихи, мәдени байлығымен сабақтастыру білу; дүниетану көзқарасын қалыптастыру; ата-баба дәстүрін сақтай отырып болашаққа қадам жасауды үйрету.

ҚР «Білім туралы» заңына сүйене келе, «Қазақстанда өмір сүретін қазақ халқы мен басқа да халықардың тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» (Бригада, 2015, 77 б.). Осы мақсатқа сай оқушыны тәрбиелеп шығару – ұстаздардың басты міндеті.

Зерттеу әдісі. Этномәдениет – белігі бір ұлттың мәдениеті. Біздің жағдайымызда қазақ халқының мәдениеті. Қазақ тілді емес мектептерде оқушының этномәдени құзіреттілігін қалыптастыруда қазақ тілі сабағының маңызы зор. Дәл осы сабақ арқылы оқушылар өз мәдениеттерін біліп, сақтай отыра қазақ халқының ұлттық мәдениетін меңгеріп, оны сыйлауға, құрметтеуге, жақсы әсер алуға үйренеді.

Талқылау. «Этномәдениет» сөзінің шығу тегін екіге бөліп қараймыз. Ең алдымен «этнос» – өзіндік тарихы бар, қалыптасқан тайпа, халық, ұлт, мемлекет. Бұл сөздің мағынасы халыққа тікелей байланысты. «Этно» сөзінен түрлі терминдерді шығарып, жеке дара ғылым ретінде талдауға болады: этнография, этнодемография, этномәдениет, этнолингвистика, этнопедагогика, этнотілділік, этноәлеуметтік, т.б. Бұлардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді. Ал «мәдениет» сөзі араб тіліндегі «мудун» сөзінен алынып, қазақ тілінде «қала» деген мағынаны білдіретін болса, «мәдени» – қала тұрғыны деген мағынаны білдіреді (Өлжанов, 2007, 28 б.). Жалпы мәдениет сөзі орта ғасырда мұсылман мәдениетінің өркендеуімен өрбіген. Қызығы, қазақтар ХХ ғасырға дейін мәдениет сөзін мүлдем қолданбаған екен. Оның орнына шамалас келетін тәрбие, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, хикмет, ғибадат, иман, дін, ғылым сөздерін қолданатын болған. Этномәдениет – жастарды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелейді.

Этномәдениет – ол әрбір халықтың, ұлттың өзіндік дәстүрлі мәдениеті. Абай Құнанбайұлының 39-қара сөзінде былай деген: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуірді біржола жоғалтып алдық. Осы күндегілер өзге мінезге осы өрмелеп іргелі бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік» (Қалиұлы, 2003, 187 б.). Бұл жердегі Абай айтқан екі мінез елдік намы пен бірлік және дау-жанжалдан аулақ болу. Этномәдениеттің Абай шығармашылығындағы үлкен бір көрінісі – ақыл мен жүректің арақатынасын заман талабына сәйкес шешу болып табылады.

Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланыста. Этномәдениет тіл деңгейлері арқылы қалыптасады. В.Ф.Гумбольдт «Әр тіл, тіл иесіне өздік орта

қалыптастырады. Егер басқа халықтың ортасына ауысатын жағдай туса, онда адам сол ұлтқа тән қасиеттерді қабылдауы тиіс. Сондықтан да шет тілін зерттеу дүниеге жаңаша көзқарас қалыптастырады. Себебі әр тілде адамзаттың белгілі бір қасиетіне тән ерекше түсініктер мен елестер болады. Бұл аралық әлем түсініктері мен елестері ғана емес, сонымен қатар басқа да ойлау ұялыптарын, мысалы, өзекті мағыналарды қамтитын бейнелер, пікірлердің барлығы нысаналы шындық элементтерін құрайды» – дейді (Карлинский, 2003, 57 б.).

В.Ю.Штыкаревтің пікірінше, оқушылардың этномәдени құзіреттілігі дегеніміз – бұл дағдылар. Дағдылар – мінез-құлық үлгілері арқылы жүзеге асырылатын белгілі бір мәдениет туралы объективті идеялар мен білімдердің жиынтығы (Әбілдина, 2009, 10 б.). Ол оқушының оқу-танымдық процеске қатысуына, сондай-ақ оның көп ұлтты ортаға сәтті бейімделуіне бағытталған нақты өмірде және оқу сабақтарында алған білімі мен тәжірибесіне негізделген тиімді этносаралық өзара түсіністік пен өзара іс-қимылға ықпал етеді.

Этномәдени құзіреттілік келісім мен өзара сенім атмосферасын сақтауға, бірлескен іс-әрекеттегі жоғары нәтижеге жетуге ықпал етеді. Этномәдени құзіреттілік объективті-субъективті құбылыс ретінде оқушының көп ұлтты ортада жайлы өмір сүру, көкжиектің тарлығын жеңу және халықтардың өзара әсерін түсіну мақсатында әртүрлі мәдениеттерді зерттеуге дайындығын қамтиды.

Этномәдени құзіреттілік – оқушыға басқа этностардың, ұлттар мен мәдениеттердің өкілдерімен үйлесімді қарым-қатынас орнатуына, тиімді ынтымақтастық танытуына және мақсаттарына жетуге көмектесетін білім, білік, дағдылар жиынтығы. Стефаненконың анықтамасына сәйкес, «этномәдени құзіреттілік – бұл нақты этникалық мәдениет туралы әділ көзқарастар мен білімдердің жиынтығы, ол адамға әртүрлі этникалық топтардың өкілдерімен өзара іс-қимылдың тиісті моделін таңдауға мүмкіндік береді, сол арқылы мәдениетаралық өзара іс-қимыл мен этносаралық қатынастарды үйлестіруге ықпал етеді» (Бережнова және т.б., 2007, 123 б.).

Нәтижелер. Өзге тілді аудиторияға қазақ халқының мәдениетін игерту – бұл білім берудің негізгі идеясы болып саналады. Бұл жерде өзара байланысты екі мақсаттың жүзеге асуына назар аудару керек:

- Этномәдени бірегейлік, яғни, өзін-өзі тану. Өзге тілде білім алатын, бірақ ұлты қазақ балалардың бойына этномәдениетті игерту.
- Этномәдени өзгешелік, яғни, өзге мәдениетті тану. Өзге тілде білім алатын, ұлты қазақ емес балаларға қазақ халқының этномәдениетін игерту.

Сонымен, халықтың рухани құндылықтарын тарату, этномәдениетті сақтауға бағытталған білім беру, педагогикалық үдеріс тәжірибесінде этнопедагогикалық білім беру деп аталады.

Этномәдени білім берудің негізгі міндеттері ретінде мыналар ұсынылды:

– жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу (тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау);

– көптілді жеке адамды қалыптастыру (ана тілінде, мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу) (Әлжанов, 2007, 35 б.).

Өзге тілді аудиторияда этнопедагогикалық білім беру арқылы бала қазақ халқының мәдениетін ұғынуға ұмтылады, жоғары рухани құндылықтары қалыптасады. Бірінші кезекте, өзінің белгілі бір этнос өкілі екенін, сол халықтың мәдени құндылықтарының иесі екенін, ұлттық ана тілінің мұрагері екендігін түсіне отырып, сана-сезімін дамытады. Этномәдени білім арқылы жеке тұлға ізгіленеді, қазақ халқының тарихын, этникалық маңызын, ұлттық менталитетін, символдарды, дәстүрлерді зерделейді. Баланың дамуына, қоғам мен жеке тұлғаның рухани жаңғыруына ықпалын тигізеді. Этномәдени білім беру тұлғаларды әлеуметтік жағынан бір-біріне байланыстырушы фактор болып есептеледі, адамды өркениетті етеді. Этномәдени білім беру болашақ ұрпақты құндылықтық бағдарлар мен этикалық нормаларды, соның ішінде кәсіби нормаларды қалыптастыруға, сондай-ақ сыни ойлауды дамытуға көмектеседі. Этнопедагогикалық білім – бұл адамзат болашағы үшін маңызды деп есептейміз. Ол адамды дамытады, ой-өрісін кеңейтеді, заттардың мәнін түсінуге көмектеседі.

Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім беру теориясының негізін қалаған Ж.Ж.Наурызбай Қазақстан Республикасында оқушыларға этномәдени білім беру тұжырымдамасы мен моделін, тіл саясаты тұжырымдамасын ұсынып, оқушыларға этномәдени білім берудің ғылыми-теориялық негіздерін, мақсаты мен міндеттері, құрылымы мен жүзеге асыру принциптерін айқындап берген. С.Қалиевтың «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» еңбегін қазақ этнопедагогикасы тарихын бір жүйеге келтірген тұңғыш құнды зерттеу деуге болады. Ол «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегінде XV-XIV ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан халықтың салт-дәстүрін, ой-арманы мен тілек мақсатын айқындап берген. С.Қалиев былай деп жазды: «Қазақ жырауларының толғау-тебіреністері, қанатты сөздері өзінің тәлімдік шарапаты жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани эстетикалық, отаншылдық мәні жағынан да аса маңызды болды» (Қалиұлы, 2003, 95 б.). С.Қалиев қазақ этнопедагогикасының өзіндік ерекшеліктерін, халқымыздың ұлттық қадір-қасиеттерін баса көрсетіп, оларға сипаттама берді.

Өзге тілді мектептерде Этномәдени білім берудің маңызы – өз тарихын, мәдениетіне тиісті сфера арқылы берілуіне негізделген, ұлттық этномәдени ұқсастығын жүзеге асыруға бағытталған ұрпақ тәрбиелеу. Әрине, белгілі мемлекетте тұратын барлық этностардың мемлекеттік интерациясы маңызды болып табылады. Ал бұл жағдай білім беру жүйесі арқылы тиімді жүзеге асырылады. Этномәдени білім берудің маңызы – ана тіліне, мәдениетіне қатыстырып және әлеуметтік мәдениетті қабылдау арқылы этномәдени

ұқсастығын сақтауға бағытталуында. Сонымен бірге ол трансляциялық, дамытушылық, дифференциялық және интеракциялық функцияларын атқарады. Этномәдени білім беру негізгі тапсырмаларының бірі – ол өз мәдениетін ғана біліп қоймай, сонымен бірге тұтас дүниеге көзқарасы қалыптасқан мәдени тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Өзге тілді аудиторияда этномәдени білім берудің тиімді жолы – ол қазақ салт-дәстүрлері арқылы қазақ халқының мәдениетін игерту. Ол арқылы халықтың еңбексүйгіштік, отбасындағы жариялылық, патриотизм, адамдар арасындағы адамгершілік, ұлттық құндылықтарды сақтаушылар ретінде қарияларға құрметпен қарау, балаларға қамқорлық жасау, адалдық, асылдық, батылдық сияқты моральдық-этикалық идеяларды бойларына сіңіреді. Сонымен қатар қазақ халқының табиғатының сұлулығын, ұлттық киімдерінің сұлулығын, көптеген ұлттық мерекелердің эстетикалық байлығын, адамдар арасындағы өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты насихаттайды.

Этномәдени құзыреттілік күнделікті өмірде өз ұлтының және басқа ұлттардың этникалық мәдениеті туралы алған білімге түсіністігін көрсетеді. Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру этника-аралық өзара әрекеттестік міндеттерін шешу қабілетін, оқушыларды өзінің туған мәдениетінің құндылығын басқа құндылықпен бірлікте салыстыра отырып тану, басқа халықтың мәдениетіне енуге, этника-аралық түсіну мен диалогқа қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Этномәдени құзіреттіліктің жоғарғы деңгейіне жету үшін:

- Бастауыш сынып оқушылары – өзінің этникалық мәдениеті саласындағы, сонымен бірге сол мемлекетте тұратын халықтардың этникалық мәдениеті туралы элементарлы сауаттылығы болуы керек;
- Ортаншы сынып оқушылары – өзінің және Қазақстан халықтарының этникалық мәдениеті саласындағы функционалды сауаттылығы және белгілі бір мемлекеттің этномәдени саласындағы элементарлы сауаттылығы болуы керек;
- Жоғары сынып оқушылары – Қазақстанның этномәдениет саласындағы білімділік және әлемдік этномәдениет саласындағы элементарлы сауаттылығы болуы керек (Әбілдина, 2009, 11 б.).

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептегі оқушылардың этномәдени құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін диагностикалаудағы критерийлер мен көрсеткіштер:

1. қазақ этномәдениетінің құндылығын (мәнін) түсіну;
2. қазақ тілін білу;
3. қазақ халқының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын білуге және сақтауға бағдарлану;
4. басқа этнос өкілдерімен достық және әдепті қарым-қатынас жасай білу;
5. қазақ халқының этникалық ерекшелігінің көріністеріне толерантты бола білу;

6. этникалық ерекшеліктерге сүйене білу және оларды ұтымды пайдалану;
7. әр түрлі ұлт өкілдерімен тиімді жұмыс жасай білу (Әлжанов, 2007, 40 б.).

Қазақ тілі сабағында этномәдени құзіреттілікті қалыптастыру үшін оқушы санасына халық психологиясымен қатар, халық дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы, өмір салтын да игерту керек. Этномәдениеттің көрінісіне мысал ретінде бесіктің маңыздылығына тоқталып өтейік. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында бесік сөзіне бірнеше мәрте тоқталамыз. Енді осы «бесік» ұғымының қазақ халқындағы орны, оның тәрбиелік маңызы, салт-дәстүрдегі көрінісін бала санасына жеткізу үшін алдымен өзге ұлттардағы «бесік» ұғымымен салыстырып көреміз. Себебі, біздің алдымызда тек қазақ халқының балалары емес, басқа ұлттардың да балалары отырады. Этномәдени құзіреттілікті қалыптастыру үшін үйреткелі отырған ұғымның басқа халықтарда қандай мағына беретінін, қалай қолданылатынын көрсетіп, салғастырмалы түрде талдау жүргізіп, оқушы бойына сіңіреміз.

Ең алдымен қазақ дүниетанымында бесіктің маңызы үлкен. Бесік – қасиетті, киелі мүлік, сәбидің кішкентай ғана ұясы болып есептеледі. Жаңа туған баланы бесікке бөлеу – халқымыз үшін елеулі дәстүрлердің бірі. Баланы бесікке бөлеу әулеттің үлкен, көпті көрген, сыйлы әжелеріне тапсырылған. Алдымен бесікті отпен аластайды да, баланы одан соң барып бөлейді. Бөлеп болған соң бесік жыры айтылып, баланы ұйықтатады.

Қазақ бесігінің құрылысы да күрделі. Ол ағаштан жасалады. Ал талдан жасалған бесікті қазақ халқы ерекше қадір тұтқан. Себебі талға иіс көп сіңбейді, әр түрлі жәндіктер көп жолай қоймайды. Бесіктің бөліктері түбек, шүмек, жазғы жабу, қысқы жабу, қолбау, тартпа бау, баулар байланатын бел ағаш, жастықтар, көрпешелер мен бас жағына ілінетін үкіден тұрады (Айтбаева, 2006, 3 б.).

Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлылығы: көшіп-конғанда алып жүруге ыңғайлы; баланы емізгенге қолайлы; баланың тазалығына жақсы. Сәбиге тіл-көз тимеу үшін ырымдап, бесікке тағылатын этномәдени бұйымдар бар. Оларға үкінің тұяғын, қасқырдың азу тісін, жылқының қылын жатқызамыз.

Бесік – ұлттық бұйым, бесік жыры – халық рухының, тұрмысының, әдет-салтының, мінез-құлқының, өмірінің этномәдени бейнесі.

Орыс этномәдениетінде де бесік қадірлі бұйым болып есептеледі. Құрылымы қазақ бесігіне қарағанда аса күрделі емес. Олар ағаш бесікке көрпе-жастығын салады да, шымылдығын құрып қояды (Айтбаева, 2006, 4 б.). Қазақтар бесікті «ақ бесік» деп айтса, орыстар «позолеченная, золотая, серебрянная» деп айтады.

Неміс халқында да бесік киелі саналады. Кей жерлерде аспалы бесік қолданылады, ал кей жерлерде баланы жер бесікке ұйықтатады. Аспалы бесік ағашқа немесе ашаға ілінеді. Ол жол жүргенге ыңғайлы, жәшік немесе себет секілді орамал. Оның ерекше түрі - астынан тіреу қойылған тербелмелі жәшік. Бесіктің бұл түрін өткен ғасырларда ауқатты отбасылар ғана қолданған. Барокко

княздығының салтанатты төсектерін осы неміс бесіктеріне ұқсатады. Ағаштан жасалған жер бесікке баланы жатқызудың өзіндік жолдары бар. Олар неміс халқының этномәдени көрсеткіші болып табылады. Немістер түрлі ауру-сырқаулардан баласы аман болу үшін, бесігіне таға салып қояды (Айтбаева, 2006, 5 б.).

Қай жағынан, қай халықтан алып қарасақ та бесіктердің атқаратын қызметі бір- баланың жайлы ұйықтауын қамтамасыз ету. Оның құрылысы қай елде болмасын күрделі, арнайы ырым-тиымдары, өз тарихы бар. Дегенмен, әр елдің бесігінен халықтардың дүниені қалай қабылдайтынын көруге болады. А.Каралинский «Орысша, қытайша, немісше ойлау деген жоқ, бірақ этникалық ұжымға тән өзіндік ерекшеліктері болады. Ол адамзаттың қартаюу, ата-анасы, біреуге парыз болу, тәрбие, дін, т.б. түсініктермен байланысты» – дейі (Карлинский, 2003, 76 б.).

Міне, өзге тілді аудиторияға қазақ бесігінің мәнін толықтай ашып түсіндіру барысында осындай салыстырулар келтіріп, оқушы бойына өз мәдениетін сақтай отыра, өзге елдің мәдениетіне құрметпен қарауды үйрете аламыз. Түрлі мысалдар келтіре отырып, оқушының қызығушылығын арттыра келе, оның санасына қазақ бесігінің орнын жеткіземіз, әрі есте сақтап қалуына жағдай туғызамыз.

Қорытынды. Оқушы потенциалының толық ашылуында, оның өзін-өзі белсенді түрде жүзеге асыруында, әлеуметтік белсенділігінің артуында ұлттық өзіндік сананың, этномәдени құзыреттіліктің дұрыс, позитивті қалыптасуының маңызы үлкен. Этномәдени құзыреттілігі дұрыс қалыптасқан адам ғана өзінің тұтас тұлғалаық құрылымын сақтай алады. Өмірде өз жолын дұрыс анықтап үйренеді, өзімен де, айналасындағы адамдармен де жақсы қарым-қатынас жасап, еркін өмір сүруге бейімделеді. Этномәдени құзыреттілігі жоғары тұлға өзіне сенімді, әлеуметтік ортада өзін еркін ұстай алады, өзін-өзі толықтай ашып көрсете алады деп тұжырымдауға болады. Елбасы Халықтар Ассамблеясында сөйлеген сөзінде былай дейді: «Мәдениеттер мен тілдердің алуандылығы – бұл баға жетпес сый, соның арқасында шынайы шығармашылық өзара молығу, еліміздегі әр халықтың шын мәніндегі дамуы мүкін болып отыр» (Назарбаев, 2006, 1 б.).

Әрбір этнос өзінің дәстүрлі мәдениетін көздің қарашығындай сақтап, болашақ даму жолында ата-бабалардан қалған «Мәдени мұраны» тиімді дәнекер ретінде әлемдік кеңістікке көрсете білуі қажет. Әрбір халықтың өз мәдениетін сақтауға құқығы бар. Сонымен қатар, көпұлтты мемлекетімізде әрбір ұлт өкілдері бір-бірінің тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін сыйлай білуі керек.

Баланы оқыту мен тәрбиелеу, оған білім беру бүгінгі өмірмен ғана ұштасып жатқан дүние емес. Ол ұлттық тәрбиемен, көне тарих тағылымымен де астасып жатады. Сондықтан өткен тарихтағы кейбір мәселелерге мін беріп, олардан алар нәрселеріміз көп. Бүгінгі кезең – жаңашылдық кезеңі. Педагогикалық жүйеде оқыту мен тәрбиелеу жұмысын үнемі жетілдіріп, жаңашалап отыру маңызды факторлардың бірі. Қазіргі мектеп бағдарламаларын оқыту мен игерту бұрынғы

жылдармен салыстырғанда қиындау. Ақпараттарды түрлі технологиялық жүйелерді қолдана отырып тыңғылықты да жүйелі түрде меңгерту мұғалімге қатаң талап ретінде қойлады. Яғни, баланың өзіндік білім алуына, логикасын дамытуына, ақпарат көздерін пайдалана білуіне, берілген білімді саналы түрде қабылдауға көмектесуі қажет.

Білімді, қабілетті, жан-жақты ұрпақ – еліміздің асыл қазынасы, болашағының жарқын болуының кепілі. Ал, ондай ұрпақты тәрбиелеп шығару үшін халықтық педагогикаға назар аударуымыз қажет. Бүгінгі біздің басты мақсатымыз – әрбір оқушының сана-сезімін ұлттық педагогика арқылы оятып, олардың бойына халықтық педагогиканың үлгілерін сіңіру. Ғасырлар бойы жинақталған тіл, дін, тәрбие, салт-дәстүр, мәдениетті пайдалана отырып, этнопедагогиканың іргетасын дұрыс қалыптастыру. Бұл жерде айта кететін маңызды бір нәрсе, ұлттық тәрбиенің тек бір жақтан, мектеп жағынан ғана беріліп қоймай, үйде де, ата-ананың тарапынан да қолдау таба білуі. Осылай екі жақтан бірлесе іске кіріскенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Қазақ халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрін, ідебиеті мен мәдениетін ұмыта бастаған орыс тілді аудиторияны тәрбиелеуде бүкіл ел болып ат салысуымыз қажет. Халқымыздың ұлттық құндылықтарына құрметпен қарауды үйрету – ұлттық болмысымыздың сақтап қалуына көмегін тигізері хақ!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Абишева К.С., Абуева Р.Т. (2002). Мәдениет және этнопедагогика арқылы тәрбие мақсатын жүзеге асыру. – ЖОО аралық хабаршы. – №2. – 45-49 б.

Аманова Ғ. (2012). Халықтық педагогика – даналық мектебі. – Алматы: 261 б.

Айтбаева А.Ж. (2006). Қазақ, орыс, неміс бесік бұйымы және әлем бейнесі. – ҚазҰУ хабаршысы. – №8. – 3-5 б.

Әбілдина С.Қ. (2009). Оқушылар тұлғасын қалыптастырудағы этномәдениеттің орны. – ПМУ хабаршысы. – №3. – 9-17 б.

Әлжанов Ә. (2007). Этномәдениеттің көптүрлілігі. – Дарын. – №1. – 25-41 б.

Бережнова Л.Н., Набок И.Л., Щеглов В.И. (2007). Этнопедагогика. – Москва: Академия. – 240 с.

Бригада Г.В. (2015). Этномәдени дәстүрлердің білім саласында алатын орны. – Воспитание и обучение. – №4. – 77 б.

Назарбаев Н.Ә. (2006). Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық. – Қазақ әдебиеті. – №44. – 1 б.

Карлинский А.Е. (2003). Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМО им. Абылай хана. – 184 с.

Калиұлы С. (2003). Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім. – 280 б.

References:

Abisheva K.S., Abueva R.T. (2002). Madeniet jane etnopedagogika arqyly tarbie maqsatyn zhuzege asyru [Implementation of the educational goal through culture and ethnopedagogics]. – JOO aralyq habarshy. – №2. – 45-49 p.

Amanova G. (2012). Halyqtyq pedagogika – danalyq mektebi [Folk pedagogy-School of wisdom]. – Almaty: 261 p.

Aitbaeva A.J. (2006). Qazaq, orys, nemis besik buiymy jane alem beinesi [Kazakh, russian, german lullaby and image of the world]. – QazUY habarshysy. – №8. – 3-5 p.

Abildina S.Q. (2009). Oqushylar tulgasyn qalyptastyrudagy etnomadeniетtin орны [The role of ethno-culture in the formation of students ' personality]. – PMU habarshysy. – №3. – 9-17 p.

Alzhanov A. (2007). Etnomadeniетtin kopturliligi [Ethno-cultural diversity]. – Daryn. – №1. – 25-41 p.

Berezhnova L.N., Nabok I.L., Sheglov B.I. (2007). Etnopedagogika [Ethnopedagogy]. – Moskva: Akademya.– 240 p.

Brigada G. B. (2015). Etnomadeni dasturlerdin bilim salasynda alatyn орны [The role of ethno-cultural traditions in the field of Education]. – Vospitanye i obuchenye. – №4. – 77 p.

Nazarbaev N.A. (2006). Arqashan birge, ardaiym alda bolaiyq [Always together, always ahead]. – Qazaq adebieti. – №44. – 1 p.

Karlinski A.E. (2003). Prinsipy, metody i priemy lingvisticheskikh issledovani [Principles, methods and techniques of linguistic research]. – Almaty: KazUMO im. Abylai hana. – 184 p.

Qaliuly S. (2003). Qazaq etnopedagogikasynyn teorialyq negizderi men tarihy [Theoretical foundations and history of Kazakh ethnopedagogics]. – Almaty: Bilim. – 280 p.

Formation of ethnocultural competence of foreign language student

Zhapsarbay Aiyim Aitzhankyzy

2nd year master's student of the Institute of Philology and multilingual education
of the Abai Kazakh national pedagogical University
Almaty/Kazakhstan

***Abstract.** The author of the article examines the formation of ethnocultural competence of students in schools with a non-Kazakh language of instruction. Explains the concept of culture and analyzes the typology of Connes culture. Reveals the meaning of the concept of "ethnoculture", defines its role in the development and upbringing of a child. Ethnoculture is culture, traditions, national characteristics of a certain people. It symbolizes vitality, honor, heights, achievements, consciousness and history of the nation. The article discusses the main tasks of ethnocultural education and some effective ways of teaching it. Focuses on the concept*

of competence and explains how to achieve high ethnocultural competence among students. It offers criteria and indicators for diagnosing the level of formation of ethnocultural competence of students in a school with a non-Kazakh language of instruction. Tells about the way of formation of ethnocultural competence at the lessons of the Kazakh language. Conducts a comparative analysis of the ethnic culture of the Kazakh people with the concept of "besik" in order to avoid difficulties in interpreting the ethnic culture of the Kazakh people for a foreign language audience. Using the example of the cradle, they compare it with the concept of the Russian, German peoples. Fully revealing the essence of the Kazakh cradle for a foreign-language audience, makes various comparisons, teaches to respect the culture of the Kazakh people, while preserving their culture.

Key words: *ethnoculture, foreign language audience, competence, cradle, nation.*

Формирование этнокультурной компетентности иноязычных учащихся

Жапсарбай Айым Айтжановна

Магистрант 2 курса Института филологии и полиязычного образования
Казахского национального педагогического университета имени Абая
Алматы/Казахстан

***Аннотация.** Автор статьи рассматривает формирования этнокультурной компетентности учащихся школ с неказахским языком обучения. Объясняет концепцию культуры и анализирует типологию культуры Конна. Раскрывает смысл понятия «этнокультура», определяет ее роль в развитии и воспитании ребенка. Этнокультура – это культура, традиции, национальные особенности определенного народа. Он символизирует жизненную силу, честь, высоты, достижения, сознание и историю нации. В статье рассматриваются основные задачи этнокультурного образования и некоторые эффективные способы его обучения. Сосредоточен на концепции компетентности и объясняет, как достичь высокой этнокультурной компетентности среди учащихся. Предлагает критерии и показатели диагностики уровня сформированности этнокультурной компетентности учащихся в школе с неказахским языком обучения. Рассказывает о пути формирования этнокультурной компетентности на уроках казахского языка. Проводит сопоставительный анализ этнокультуры казахского народа с понятием «бесік», чтобы избежать трудностей при интерпретации этнокультуры казахского народа для иноязычной аудитории. На примере колыбели сравнивают ее с понятием русского, немецкого народов. В полной мере раскрывая суть казахской колыбели для иноязычной аудитории, приводит различные сравнения, учит уважительно относиться к культуре казахского народа, сохраняя при этом свою культуру.*

Ключевые слова: *этнокультура, иноязычная аудитория, компетенция, колыбель, нация.*